



**«ОРДА Кредит»
Кредитік серіктестігі»
Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің»**

ЖАРҒЫСЫ



Күрілтайшылардың кезектен тыс
жалпы жиналысымен бекітілді.
Хаттама №1 9 кантар.2006 ж.

Шымкент қаласы 2006 жыл



1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. Осы жарғы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзірленген және «ОРДА кредиттік серіктестігің жауапкершілігі шектеулі серіктестігің үйымдастырылуының және оның қызметінің құқықтық негіздерін айқындайды. «ОРДА кредиттік серіктестігің жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, бұдан ері қарай «Кредиттік серіктестік», «ОРДА кредиттік Несиелік-депозиттік серіктестігің Қосымша жауапкершіліктері серіктестігінің құқықтары мен міндеттемелерінің толық құқықтық мүрагері болып табылады.
- 1.2. Кредиттік серіктестіктің үйымдық-құқықтық нысаны:

 - Жауапкершілігі шектеулі серіктестік;

- 1.3. Меншік нысаны: - жекеменшік.
- 1.4. Кредиттік серіктестіктің толық атауы:

 - мемлекеттік тілде: «ОРДА кредиттік серіктестігің жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
 - орыс тілінде: Товарищество с ограниченной ответственностью «Кредитное товарищество «ОРДА кредиттік»;

- 1.5. Кредиттік серіктестіктің мөрі, таңбасы, мемлекеттік және орыс тілдерінде жазылған бұрыштамалары мен бланкілері бар.
- 1.6. Кредиттік серіктестіктің орналасқан жері: 160000, Қазақстан Республикасы, Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент қаласы, Дулати көшесі, 2.
- 1.7. Кредиттік серіктестіктің қызмет мерзімі шектеусіз.

2. КРЕДИТТІК СЕРІКТЕСТІКТІҢ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ

- 2.1. Кредиттік серіктестіктің құрылтайшылары, сондай-ақ ол құрылғаннан кейін Кредиттік серіктестік мүлкінің үлесіне құқық алған тұлғалар Кредиттік серіктестік қатысушылары болып табылады.
- 2.2. Кредиттік серіктестіктің қатысушыларының саны үштен кем болмауга тиіс.
- 2.3. Кредиттік серіктестіктің қатысушылары заңды және жеке тұлғалар бола алады.
- 2.4. Кредиттік серіктестік қатысушылары жеке және заңды тұлғалар ондай тізімді кредиттік серіктестіктің баскармасы жүргізеді.

3. КРЕДИТТІК СЕРІКТЕСТІКТІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ

- 3.1. Кредиттік серіктестік коммерциялық үйим болып табылады, каржы нарығын және каржылық үйымдарды реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті органдың лицензиясыныз банктық операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асырады.

Кредиттік серіктестік қызметінің нетізгі мақсаты коммерциялық үйим ретінде табыс табу болып табылады.

- 3.2. Кредиттік серіктестіктің қызметі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен, «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралын», «Кредиттік серіктестіктер туралын» Қазақстан Республикасының Заңдарымен және Қазақстан Республикасының өзге де құқықтық нормативтік актілерімен реттеледі.
- 3.3. Кредиттік серіктестіктің оқшауданған мүлкі, дербес балансі бар, өз атынан мүліктік және мүліктік емес құқықтарды исленетін және жүзеге асыратын, құқықтар мен міндеттерді атқаратын, сotta талашкер және жауапкер бола алатын заңды тұлға болып табылады.
- 3.4. Кредиттік серіктестік өз міндеттемелері бойынша өзіне берілген барлық мүлкімен жауап береді және өз қатысушыларының міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

Кредиттік серіктестіктің қатысушылары Кредиттік серіктестіктің міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Кредиттік серіктестік қызметімен байланысты шығындары бойынша оздері енгізген міндетті салымдар құны шегінде ғана тәуекел етеді.

- 3.5. Кредиттік серіктестік өзге де заңды тұлғалардың жарғылық корларына қатысуға кредиттік серіктестіктердің қауымдастықтарына (одактарына) қатысуға немесе консорциумдарға қатысуға құбылы.

4. КРЕДИТТІК СЕРІКТЕСТІКТІҢ МҮЛКІ


- 4.1. Кредиттік серіктестіктің мүлкі оған меншік құқығы негізінде тиесілі болады және ол оның қатысушыларының міндетті салымдары мен қосымша жарналары негізінде құрылады, Кредиттік серіктестіктің алынған кірістерінен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарымен тыйым салынбаған басқа да көздерден құралады.

5. ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛ

- 5.1. Кредиттік серіктестіктің жарғылық капиталы оның қатысушыларының міндетті салымдарын біріктіру негізінде және үлттық валютада төлену арқылы 150 000 000 (бір жүз елу миллион) тенгеңін құрайды.

5.2. Кредиттік серіктестіктің жарғылық капиталына толем төлеу Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіппен жүргізіледі. Құрылтай құжаттарында жарияланған Кредиттік серіктестіктің жарғылық капиталы мемлекеттік тіркеу сәтіне дейін төленіп қажет және ол өкілеңті орган белгілеген соммасынан кем болмауга тиіс.

- 5.3. Кредиттік серіктестіктің жарғылық капиталын көбейтуге, оны Қазақстан Республикасының заңдарының талантарына сәйкес толық толенген кейін жол беріледі.



Кредиттік серіктестіктің жарғылық капиталын азайтуды Қазақстан Республикасының заңдарымен белгілінген талаптарына сәйкес Кредиттік серіктестіктің барлық қатысушылар салымдарының мөлшерін үйлесімді азайту жолымен немесе жеке қатысушылар үlestерін толық немесе ішінәр өтеу жолымен жүзеге асырылады. Жарияланған жарғылық капитал оқиелті орган белгілеген ең аз көлемнен азаюна жол берілмейді.

5.4. Кредиттік серіктестіктің қызметін жүзеге асыру барысындағы шығындардың орнын толтыру мақсатында резервтік кор құрады. Резервтік кордың ең аз көлемі қолданыстағы заң талаптарымен белгіленеді. Резервтік кор құру таза табыстық сомасын болуте дейін, жыл сайын аударым арқылы жүзеге асырылады.

Кредиттік серіктестік басқа да ариайы корлар құруға құқылы.

5.5. Барлық қатысушылардың Кредиттік серіктестіктің жарғылық капиталындағы үlestері тиесінше олардың салымдарына барабар.

Кредиттік серіктестікке жана қатысушыларды қабылдау немесе Кредиттік серіктестіктен бұрынғы қатысушылардың кімде-кімнің шығуымен байланысты жарғылық капиталдың өзгеруі, шығу немесе кіру сөтіндегі қатысушылардың жарғылық капиталдағы үlestерінің мөлшерін тиести түрде қайта есептеуге әкеп соктырады.

5.6. Қатысушы белгілінген мерзімде енгізбеген үлес немесе оның бір болігі Кредиттік серіктестіктің жалпы жиналышының шешімімен Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген тәртіпте қалған қатысушылар арасында белінің немесе үшінші жакқа сатып алынуна ұынылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының заңдарымен белгілінген тәртіпте, Кредиттік серіктестіктің қатысушысы Кредиттік серіктестіктің жарғылық капиталындағы өз үlestерін сатуға, беруге, иеліктен алып беруге құқылы.

Кредиттік серіктестікке берген міндетті салым несие кепілі ретінде кредиттік серіктестікке басқа да заңды тұлғаларға несие кепілі ретінде қатыса алады.

Міндетті салым, Кредиттік серіктестік немесе кез келген басқа заңды тұлға беретін кредиттер бойынша кепіл ретінде бола алмайды. Қатысушының кез келген негіз бойынша үlestік құқығынан айрылуы қатысушының Кредиттік серіктестіктен шығуына әкеп соғады. Қазақстан Республикасының заңдарымен белгілінген тәртіпте үlestі иелену, үlestі иеленүшінің Кредиттік серіктестік қатысушы қатарына қосылғандырын білдіреді.

5.7. Кредиттік серіктестіктің қатысушылары, қатысушылардың бірі үлесін сатқан кезде оны немесе оның бір болігін сатып алуша үшінші жақтың алдында артықшылық құқықты пайдаланады.

5.8. Қатысушы үлесінің (үлес бөлігі) ету тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарымен реттеледі.

6. КРЕДИТТІК СЕРІКТЕСТИК ҚАТЫСУШЫЛАРЫНЫҢ ҚОСЫМША ЖАРНАЛАРДЫ ЕҢГІЗУ ЖӘНЕ АЛУДЫҢ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТЫ

6.1. Кредиттік серіктестіктің қатысушылары Кредиттік серіктестіктің мүлкінеш шектесіз қосымшия жарналар еңгізуге және алып коюға құқылы. Жарналар еңгізу және алып коюлын тәрібін кредиттік серіктестіктің ішкі ережесімен шешіледі. Кредиттік серіктестік қатысушылардың қосымша жарналары оның жарғылық капиталының мөлшерін өзгертпейді.

6.2. Кредиттік серіктестікке қатысууды тоқтату кезінде қатысушыға, бірақ Кредиттік серіктестікке қатысууды тоқтату туралы шешім қабылданған күннен бастап тоқсан күннен аспайтын мерзімде қосымшия жарнаның сомасы қайтарылады. Мұндай жағдайда Кредиттік серіктестік алдында міндеттемелері бар қатысушыға оның Кредиттік серіктестік алдында бар міндеттемелері шетеріле отырып төлем жасалынады.

7. КРЕДИТТІК СЕРІКТЕСТИКТІҢ ҚЫЗМЕТИНІҢ НЕГІЗГІ ТҮРЛЕРІ


7.1. Кредиттік серіктестік өзінің қатысушылары үшін ұлттық валютамен мынағай операцияларды жүргізуге құқылы:

- 1) аудару операциялары: төлемдер және акша аудару жөніндегі тапсырмаларды орындау;
- 2) қарыз опрециялары: акы төлеу, мерзімділік және кайтарымдылық талаптарына сәйкес ақшалай нысанды кредиттер беру;
- 3) кредиттік серіктестік қатысушыларының толем құжаттарын (вексельді коспағанда) инкассога қабылдау;
- 4) аккредитивті ашу (ұсыну) мен растав және ол бойынша міндеттемелерді орындау;
- 5) сейф операциялары: сейф жәшіктерін, шкафттар мен үй-жайларды жалға беруді қоса алғанда, құжаттамалық нысанды шығарылған бағалы қағаздарды, құжаттар мен күндылықтарды сактау жөніндегі қызметтерді;
- 6) лизинг қызметін жүзеге асыру;
- 7) кредиттік серіктестіктің қатысушыларына банк шоттарын ашу және жүргізу;
- 8) кредиттік серіктестіктің қатысушылары үшін операцияларды жүргізуін жалпы шарттары жөніндегі ережелерде көзделген сомалар шегіndeакшалай нысанды орындауды көздейтін кепілдіктер, кепілгерлік және взғе де міндеттемелер беру;
- 9) факторингтік операцияларды: тауарларды (жұмыстарды көрсетілетін қызметтерді) кредиттік серіктестік қатысушысынан, сатып алушыдан төлемсуз тәуекелін қабылдай отырып, төлемді талап ету құқығын сатып алуды;
- 10) Кассалық операциялар: осы тармакта көзделгі операцияларды жүзеге асыру кезінде қолма-қол акшаны қабылдау және беруді жүзеге асыруға құқылы;

7.2. Кредиттік серіктестік өз мүлкін пайдаланудан кіріс алуға құқылы;

7.3. Кредиттік серіктестік инвестициялық қызметті жүзеге асыруға құқылы.

7.4. Кредиттік серіктестік үшінші тұлғаларға қызмет көрсетуінсіз күзет болімдерін құруға құқылы.



8. КРЕДИТТІК СЕРІКТЕСТІК ҚАРЖЫЛАРЫН ОРНАЛАСТАЫРУ ТӘРТІБІ

- 8.1. Кредиттік серіктестіктің қаржылары өз қатысушыларына қарыз операцияларын жүргізу жолымен орналастырылады.
- 8.2. Кредиттік серіктестіктің қарыз операциялары, ішкі кредит саясаты туралы тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.
- 8.3. Ішкі кредит саясат туралы тәртібінде кредиттерді жабу, қамтамасыз ету шарттары және мерзімдері, кредиттеу лимиттері, Кредиттік серіктестігінің бір қатысушысына берілетін ең жоғарғы кредит сомасы бағыдалуы тиіс. Толентен міндетті салымды иеленетін Кредиттік серіктестік қатысушысына ғана кредит берілуі мүмкін.
- 8.4. Кредиттік серіктестігінің қатысушысына жеңілдетілген шартпен кредит беру, Кредиттік серіктестіктің қатысушыларының жалпы жиналышының шешімімен жүзеге асырылады.
- 8.5. Кредиттік серіктестік қатысушысына кредит қамтамасызben және қамтамасызыз берілуі мүмкін. Кредитті қайтаруда қамтамасыз ету кепіл, кепілдік және кепілгерлік, Қазақстан Республикасының заңдарымен, келісім-шартпен немесе Кредиттік серіктестіктің ішкі күжаттарымен қарастырылған басқа да әдістер болуы мүмкін.
- 8.6. Кредиттік серіктестігінің қатысушыларының жылдық жалпы жиналышында, Баскарма тәрағасына берілген кредиттер туралы мәліметтер, тексерушімен міндетті түрде хабарлануы кажет.
- 8.7. Кредитті алу және расімдеу барысында кететін барлық кажетті шығындар, кредит алушы қатысушымен толенуі тиіс.

9. ТАБЫСТЫ БӨЛУ ЖӘНЕ ШЫҒЫНДАРДЫ ӨТЕУ ТӘРТІБІ

- 9.1. Кредиттік серіктестіктің таза табысы, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті толемдер және резервтік капитал пен басқа қорларға аударымдарды толеген соң, таза кіріс Кредиттік серіктестіктің қатысушыларының жалпы жиналышының шешіміне сәйкес Кредиттік серіктестіктің қатысушыларының арасында болінеді.
- 9.2. Шығындар резервтік қорлардан және басқа да қорлардан қайтарылып беріледі.

10. ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРИ

10.1. Кредиттік серіктестік қатысушысы құқылы:

- 1) Кредиттік серіктестік корсететін қызметтерді пайдалануға;
- 2) Кредиттік серіктестік басқару істеріне қатысуга;
- 3) Кредиттік серіктестік органдарына сайлануға және сайлауга;
- 4) Қазақстан Республикасының заң актілеріне және Кредиттік серіктестіктің күрьылтай құжаттарына сәйкес, Кредиттік серіктестік қызметінен табыс алуға;
- 5) Қазақстан Республикасының заң актілерімен және Кредиттік серіктестік жарғысымен белгіленген тәртіpte Кредиттік серіктестікте қатысуын тоқтатуға;
- 6) Кредиттік серіктестік таратылған жағдайда кредит берушілермен есеп айрықсаннан кейін қалған мүліктің бір белгілін құнын немесе серіктестіктің барлық қатысушыларының келісімі бойынша осы мүліктің бір белгілін заттай алуға;
- 7) Кредиттік серіктестік жарғысында көзделген тәртіппен Кредиттік серіктестіктің қызметі туралы ақпарат алуға, онын бухгалтерлік және өзге де құжаттамасымен танысуға.

Кредиттік серіктестік қатысушыларының, Қазақстан Республикасының заң актілерімен және Кредиттік серіктестіктің күрьылтай құжаттарымен көзделген басқа да құқықтары болуы мүмкін.

10.2. Кредиттік серіктестік қатысушыларының міндеттері:

- 1) Күрьылтай шарты мен жарғы талараптарын орындауға, Кредиттік серіктестік органдарының шешімдерін орындауға;
 - 2) Кредиттік серіктестік органдарына өзінің қаржылық жағдайы туралы қатысушыларды кредиттеуге қатысты шешімдер қабылдау үшін жеткілікті болатындей дұрыс ақпарат беруге;
 - 3) Күрьылтай құжаттарымен көзделген тәртіпте, мерзімде және колемде, Кредиттік серіктестіктің жарғылық корына міндетті толемдерді енгізуге;
 - 4) Кредиттік серіктестікпен коммерциялық құпия деп жарияланған мәліметтерді жария етпеуге.
- Кредиттік серіктестік қатысушылары Кредиттік серіктестік күрьылтай құжаттарымен мен Қазақстан Республикасының заң актілермен көзделген басқа да міндеттер атқаруы мүмкін.

11. КРЕДИТТІК СЕРІКТЕСТІКТІ БАСҚАРУ


Кредиттік серіктестіктің органдары:

- 1) жоғарғы орган – Кредиттік серіктестіктің қатысушыларының жалпы жиналышы;
- 2) атқаруышы орган – басқарма;
- 3) бақылаушы орган – тексеруші.

ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

11.1. Кредиттік серіктестіктің жоғарғы органды болып қатысушылардың жалпы жиналышы табылады, оның ерекше құзыретіне жататындар:

- 1) жарғылық капитал мөлшерін, орналасқан жері мен фирмалық атауын өзгертуінде қоюа алғанда, Кредиттік серіктестік жарғысын өзгерту немесе Кредиттік серіктестіктің жаңа редакциядагы жарғысын бекіту;



- 2) Кредиттік серіктестік атқарушы органдың күру және оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Кредиттік серіктестікі немесе оның мүлкін сенімгерлік басқаруга беру туралы шешім қабылдау және осылай берудің шарттарын анықтау;
- 3) Кредиттік серіктестікің тексерушісін сайлау және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Кредиттік серіктестік тексерушісінің есептері мен корытындыларын бекіту;
- 4) Жылдық қаржылық есептемені бекіту және таза табысты болу;
- 5) Кредиттік серіктестікің баска заңды тұлғалардың жарғылық корларына катысу туралы шешім;
- 6) Кредиттік серіктестікің қайта үйымдастыру немесе тарату туралы шешім;
- 7) тарату комиссиясын тагайындау және тарату баланстарын бекіту;
- 8) Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес Кредиттік серіктестік катысуышысынан үлесін мәжбүрлел сатып алу туралы шешім;
- 9) Кредиттік серіктестікің бүкіл мүлкін кепілге беру туралы бір ауыздан қабылданатын шешім;
- 10) Серіктестікін, нәтижесінде құны серіктестік активтері құнының жалпы мөлшерінің жиырма бес және одан да көп процентін құрайтын мүлкіті серіктестік сатып алатын немесе иеліктен шыгаратын мәміле немесе жынтығында бір-бірімен өзара байланысты мәмілелерді жасау туралы;
- 11) Серіктестікің міндеттемелерін оның меншікті капиталына мөлшерінің жиырма бес және одан астам процентін құрайтын сомага ұлғайту;
- 12) Ішкі ережелерді және басқа да қажетті құжаттарды бекіту:

 1. Кредиттік серіктестікің қызметтінің бағыты;
 2. Кредиттік серіктестікің кредиттік және инвестициялық саясаты;
 3. Кредиттік серіктестікің басқарма мүшелерінің, тексеруші және басқа да қызметкерлерінің еңбек ақы қөлемін анықтау тәртібі;
 4. катысуышылардың қосымша жарналарды енгізу тәртібін айқындау;
 5. Кредиттік серіктестікің активтерін есептеп шыгару тәртібі;
 6. Кредиттік серіктестікте катысуышылардың қабылдау және шыгару тәртібі;
 7. Шығыс пен кірістің жылдық сметасын және оның орындалуы туралы есептерді бекіту;
 8. Есеп саясатын қалыптастыру;
 9. Жылдық қаржы есептемесін бекіту
 10. Басқа да мәселелер.

Жалпы жиналыс, егер оған кредиттік серіктестік катысуышыларының кемінде слу пайызы катысса, заңды деп танылады. Құн тәртібіне енгізілген мәселе жөніндегі шешім катысуышылардың айқын басым қөшілігімен немесе бір ауыздан қабылдануыга тиіс болатын жағдайда, егер оған барлық катысуышылардың кемінде уштеген екісінен айқын жиналыс шешім қабылдауга құқылы.

Кредиттік серіктестік катысуышы шешім қабылдау кезінде, өзіне тиесілі толенген міндетті салымы және қосымша жарналарының мөлшеріне қарамастан тек бір гана дауысқа ие болады.

Жалпы жиналыстағы шешімдер, катысуышылардың жалпы жиналысында катысын отыргандардың қарапайым көшілік дауысыменен қабылданады.

Жалпы жиналыста жарғыны бекіту және оған өзгертулер мен толықтырулар енгізу, сондай-ақ Кредиттік серіктестікің қайта үйымдастыру немесе таратуға катысты шешімдер, барлық катысуышылардың уштеген екісінің көшілік дауысымен қабылданады.

11.2. Жалпы жиналыс, өзінің ерекше құзырылығына жатпайтын өкілеттіктерін Кредиттік серіктестікің Басқармасына беруге құқылы. Кредиттік серіктестікің катысуышыларының жалпы жиналыс, өзінің құзыреті қалай белгіленгеніне қарамастан, Кредиттік серіктестік қызметтің байланысты кез келген мәселені қарауга алуға құқылы.

11.3. Кредиттік серіктестікің катысуышыларының жалпы жиналыс, Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген тәртіпте, кезекті және кезектен тыс ретінде шақырылады.

Кредиттік серіктестікің катысуышыларының жылдық жалпы жиналыс қаржылық есеп беру жылы аяқталғаннан кейін уш айдан кешіктірмей откізілу тиіс.

Жылдық жиналыстан басқа, Кредиттік серіктестік басқармасының немесе Кредиттік серіктестік катысуышыларының кем дегенде жиырма бес пайызы тарарапынан кезектен тыс жиналыстар шақырылуы мүмкін.

Катысуышылардың жалпы жиналыс Кредиттік серіктестікің жарғылық мақсаттарына сәйкес шешімдер қабылдайды, басқарма шешімдерін бекітеді немесе қайтарады.

ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫС ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

11.4. Жалпы жиналыс ашылар алдында оған келген Кредиттік серіктестік катысуышыларды және олардың өкілдерін тіркеу жүргізіледі. Катысуышылардың өкілдері тиісті өкілеттіктерін мәлімдесу тиіс. Тіркелмеген катысуши (катысуышының өкілі) кворумды айқындау кезінде есепке алынбайды және оның дауыс беруге құқығы жок.

11.5. Кредиттік серіктестік катысуышыларының жалпы жиналыс оған келген қатысуышылар мен олардың өкілдерінің тіркелу мәліметтері тиісті кворум бар деп болжауга жеткілікті негіз берген жағайда, жарияланғанда ашылады.

11.6. Егер Кредиттік серіктестікке катысуышылардың жалпы жиналысына қатысып отыргандар немесе оған өкілдік алған қатысуышылар жынтығында жалпы дауыс санының жартысынан астамын иеленсе, ол заңды, ал кворум шарттары сакталған болып табылады. Құн тәртібіне енгізілген мәселе жөніндегі шешім дауыстын басым қөшілігімен немесе бір ауыздан қабылдануға тиіс жағдайларда, егер Кредиттік серіктестікке катысуышылардың оған қатысып отыргандары немесе өкілдік алғандар жынтығында жалпы дауыс санының уштеген екісінен астамын жиналыстын шешім қабылдауга құқығы болады.

11.7. Кворум болмаған жағдайда Кредиттік серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысы бірінші шақырылған күннен бастап қырық бес күннен кешіктірілмей кайта шақырылады.

11.8. Қайта шақырылған жиналыс Кредиттік серіктестікке қатысушылардың жиналысқа қатысып отыргандары немесе оған өкілдік алғандар исленген дауыс санына карамастан заңды болып табылады. Егер қатысып отырган немесе оған өкілдік алған қатысушылар жыныстығында жалпы дауыс санының жартысынан кемін исленген жағдайда мұндай жиналыс дауыстың басым көшілігін немесе бірауыздан берілуін қажет етпейтін мәселелер бойынша гана шешімдер қабылдауға құқылы.

11.9. Кредиттік серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысын атқаруши органның бірінші басшысы немесе оның міндетін атқаруши адам ашады.

11.10. Жалпы жиналысты ашатын тұлға жалпы жиналыста төрағалық етушісін және хатшысынын сайлауын өткізеді. Шешім қатысушылар санының жай көшілік даусымен қабылданады.

Кредиттік серіктестікте атқаруши органның және оның тексерушісі қатысушылардың жалпы жиналысында төрағалық еті алмайды.

11.11. Жалпы жиналыстың хатшысы жалпы жиналыстың хаттамасын жүргізуге жауап береді. Хаттамага жалпы жиналыстың төрағалық етушісі және хатшысы қол қояды. Барлық жалпы жиналыстардың хаттамалары хаттамалар кітабына тігіледі.

11.12. Күн төртіншінде енгізілген мәселелерді талқылау басталғанға дейін жалпы жиналыс кворумды жария етуге міндетті. Бұл талапты сактамау кворумның бар екендігі анықталғанға дейін жалпы жиналыс қабылдаған барлық шешімдердің заңсыз болып шыгуына әкеп соғады.

11.13. Кредиттік серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысының шешімдері ашық дауыс беру арқылы қабылданады. Жалпы жиналыстың шешімдері, дауыстың жалпы санының кемінде бестен бір бөлігіне ие Кредиттік серіктестік қатысушылары жасырын дауыс беруді талап еткен жағдайда жасырын дауыс беру арқылы қабылдануға тиіс. Жасырын дауыс беру кезінде оны өткізу рәсімі дауыстардың дәлме-дәл есептелуін және дауыс беру нәтижелерінін растиғын қамтамасыз етуге тиіс.

АТҚАРУШЫ ОРГАН

11.14. Кредиттік серіктестіктің басқармасы қатысушылардың жалпы жиналысымен сайланады және Кредиттік серіктестіктің ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асырады.

Кредиттік серіктестіктің басқармасы Кредиттік серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысы алдында өз қызметінің нәтижелері туралы жыл сайын есеп береді.

11.15. Кредиттік серіктестік басқармасының өкілеттіктері мыналарды:

- 1) кредиттік серіктестік қызметінің ішкі ережелерін қабылдау туралы және оларды кейіннен өзгерту туралы үсіністар өзірлеуді;
- 2) кредиттік серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысының қарауына кредиттік және инвестициялық, саясатқа қатысты үсіністар өзірлеуді және енгізуді, кредиттік серіктестіктің ішкі кредит саясаты және кредит комитеті ережелер өзірлеуді;
- 3) шығыстар мен кірістердің жылдық сметасын және оның атқарылуы туралы есепті өзірлеуді;
- 4) жылдық каржылық есептіліктері өзірлеуді және табыс етуді;
- 5) қызметкерлер үшін еңбекақы молшерін белгілеуді;
- 6) кредиттік серіктестіктің ағымдағы қызметіне байланысты және кредиттік серіктестік қатысушылары жалпы жиналысының айрықша құзыретіне кірмейтін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыруды қамтиды.

11.16. Басқарма жеке дара орган бола алмайды және оның мүшелерінің саны так, бірақ үштен кем емес болуга тиіс. Басқарманы кредиттік серіктестік қатысушылардың жалпы жиналысы сайлайтын төраға басқарады.

Кредиттік серіктестік қатысушылары жалпы жиналысының шешімі бойынша басқарманың төрагасы және (немесе) мүшелері Кредиттік серіктестіктің қатысушылары болып табылмайтын адамдардан сайлануы мүмкін. Бұл жағдайда басқарманың құрамында Кредиттік серіктестіктің бір немесе бірнеше қатысушылары болуга тиіс.

11.17. Басқарманың отырысы қажетіне қарай, бірақ айна кемінде бір рет өткізіледі.

Егер отырыска басқарма мүшелерінің кемінде үштен екісі қатысса, ол өзінің қарауына енгізілген мәселелерді шешүте құқылы. Шешім отырыска қатысушы басқарма мүшелерерінің көшілік даусымен қабылданады.

11.18. Кредиттік серіктестіктің басқармасы Қазақстан Республикасының заң актілерімен және осы жарғымен, айрықша құзырлығына жататын сұраптардан басқа, қатысушылардың жалпы жиналысымен берілген қызметтерді жүзеге асыруға құқылы.

11.19. Кредиттік серіктестіктің басқарма Төрағасы Кредиттік серіктестіктің жоғарға лауазымды тұлғасы болып табылады және өз өкілеттігіне сәйкес оның барлық қызметіне басшылықты жүзеге асырады, Кредиттік серіктестіктің алдына қойылған мақсаттарды орындауда жеке жауапкершілікті артады.

Кредиттік серіктестіктің басқарма төрағасы:

- Кредиттік серіктестік атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- Кредиттік серіктестіктің өкілі болу құқығына сенімхаттар, соның ішіндегі қайта сенім арту құқығымен сенімхаттар береді;
- Кредиттік серіктестік қызметкерлеріне қатысты оларды қызметке тағайындау туралы, оларды басқа жұмысқа ауыстыру және жұмыстан шығару туралы бүйректар шығарады, еңбек акы толеу жүйелерін белгілейді, сыйакы беру мәселелерін шешеді, көтермелейу шаарларын колданады және төртпіктік жазалар колданады;
- Қазақстан Республикасының заң актілерімен немесе осы жарғымен қатысушылардың жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған өзге де өкілеттіктері, сондай-ак – оған қатысушылардың жалпы жиналысы берген өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Кредиттік серіктестіктің баскарма Төрагасының болмаған жағдайда, оның міндеттерін оның орынбасары немесе осындай міндет жүктелген тұлға атқарады.

РЕВИЗОР

11.21. Кредиттік серіктестіктің қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асыру үшін, қатысушылардың жалпы жиналысымен тексеруші салланады. Төраға және Кредиттік серіктестік баскармасының, кредиттік комитеттің мүшелері, олардың отбасы мүшелері мен жақын туыстары тексеруші бола алмайды. Кредиттік серіктестіктің тексерушісі қатысушылардың жалпы жиналысымен бес жылдан аспайтын мерзімге салланады.

Тексерушінің өкілеттіктері:

- 1) мерзімдік жоспарлары және жоспардан тыс тексерулер өткізу арқылы Кредиттік серіктестік, оның органдары мен лауазымды адамдары жасайтын іс-өрекеттер мен операциялардың Қазақстан Республикасы заңдарының және кредиттік серіктестіктің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкестігін анықтау;
- 2) Кредиттік серіктестік қатысушылардың жалпы жиналысына және баскармaga Кредиттік серіктестіктің қызметін жақсарту жөнінде ұсынымдар беру;
- 3) Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

11.22 Кредиттік серіктестік тексерушінің қызмет төртібі Қазақстан Республикасының заң актілерімен, осы жарғымен, сондай-ақ Кредиттік серіктестік қызметін реттейтін төртіптермен және басқа да құжаттармен анықталады.

12. КРЕДИТТІК СЕРІКТЕСТИКЕГІ ЕСЕПКЕ АЛУ ЖӘНЕ ЕСЕПТІЛІК

12.1. Кредиттік серіктестік өзі жүргізетін операцияларды есепке алуды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген төртіппен бекітілген бухгалтерлік есепке алу стандарттарына сәйкес жүзеге асырады. Кредиттік серіктестіктің есепке алу саясаты оның жалпы жиналысы айқындаиды..

12.2. Кредиттік серіктестік бухгалтерлік есепке алу мен есептілікті жасаған кезде пайдаланылатын құжаттарды қатаң есепке алуды және олардың сакталуын қамтамасыз етуге міндетті.

12.3. Кредиттік серіктестік салық есептілігін Қазақстан Республикасының салық заңдарында көзделген төртіппен табыс етеді.

13. КРЕДИТТІК СЕРІКТЕСТИКТІҢ ЖАРҒЫСЫНА ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТӨРТІБІ

13.1. Қазақстан Республикасының заңдарымен анықталған жағдайларда, Кредиттік серіктестіктің жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу қатысушылардың жалпы жиналысының шешімімен жүзеге асырылады.

13.2. Кредиттік серіктестіктің жарғысына енгізілген барлық өзгертулер мен толықтырулар туралы, Кредиттік серіктестік мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырган органды және Қазақстан Республикасының Оқілетті органын, оларды қабылдаган сон бір ай мерзім ішінде ескертуге міндетті.

14. КРЕДИТТІК СЕРІКТЕСТИКТІ ҚАЙТА ҮЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

14.1. Кредиттік серіктестік қатысушылардың шешімі бойынша, сондай-ақ, оған құрылтай құжаттарымен үәкілетті Кредиттік серіктестік органдарының шешімі бойынша Кредиттік серіктестік кез келген негіздеме бойынша таратылуы мүмкін.

14.2. Соттың шешімі бойынша Кредиттік серіктестік:

- 1) банкрот болған;
- 2) қатысушылардың саны үштен кем болған және (немесе) жарғылық капитал ең томенгі деңгейден азайған жағдайларда;
- 3) Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген басқа да жағдайларда татаратылуы мүмкін.

Осы тармакта көрсетілген негіздемелер бойынша Кредиттік серіктестікті тарату туралы талап Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен сотка берілуі мүмкін

14.3. Кредиттік серіктестікті қайта үйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарымен көзделген төртінде жүзеге асырылады.

Қатысушылардың жалпы
жиналысының атынан әрекет
ОРДА Кредит КС ЖШС
Баскарма Төрагасы



Азбеков Ж.К.

Оңтүстік Қазақстан
облысының
әділет департаменті
ТЕКСЕРІЛДІ

УСТАВ
Товарищества с ограниченной ответственностью
«Кредитное товарищество «ОРДА кредит»

Утвержден
Внеочередным общим собранием
участников
протокол №1 от «9» января 2006 года

город Шымкент 2006 год
Оңтүстік Қазақстан облысының
Әділет департаменті
ТЕКСЕРІЛДІ

I. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

1.1. Настоящий устав разработан в соответствии с законодательством Республики Казахстан и определяет правовые основы организации и деятельности товарищества с ограниченной ответственностью «Кредитное товарищество «ОРДА Кредит». Товарищество с ограниченной ответственностью «Кредитное товарищество «ОРДА Кредит», далее именуемое «Кредитное товарищество», является полным правопреемником всех прав и обязанностей товарищества с дополнительной ответственностью «Кредитно-депозитное товарищество «ОРДА Кредит».

1.2. Организационно-правовая форма Кредитного товарищества:

- товарищество с ограниченной ответственностью;

1.3. Форма собственности - частная.

1.4. Полное наименование Кредитного товарищества:

- на государственном языке: «ОРДА Кредит» Кредиттік серіктестігі жауапкершілігі шектеулі серіктестік;

- на русском языке: Товарищество с ограниченной ответственностью «Кредитное товарищество «ОРДА Кредит»;

Сокращенное наименование Кредитного товарищества:

на государственном языке - «ОРДА Кредит» Кредиттік серіктестігі» ЖШС.

на русском языке - ТОО «Кредитное товарищество «ОРДА Кредит»;

1.5. Кредитное товарищество имеет печать, эмблему, штампы и бланки со своим наименованием на государственном и русском языках.

1.6. Место нахождения Кредитного товарищества: 160000, Республика Казахстан, Южно-Казахстанская область, город Шымкент, улица М.Х. Дулати, 2.

1.7. Срок деятельности Кредитного товарищества не ограничен.

II. УЧАСТНИКИ КРЕДИТНОГО ТОВАРИЩЕСТВА

